

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

№10 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 10:30

Сенат залы

27 мамыр 2025 жыл

Сейсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы, Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

Күн тәртібінде:

3.1 Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Абибуллаева*);

3.1.1. «Физика» кафедрасының профессор міндетін атқарушы, PhD Курбанбеков Шерзод Рустамбековичтің аттестаттау ісін 10200 – Физикалық ғылымдар бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Физика» кафедрасының профессор міндетін атқарушы, PhD Курбанбеков Шерзод Рустамбековичтің аттестаттау ісін 10200 – Физикалық ғылымдар бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Абибуллаева «Физика» кафедрасының профессор міндетін атқарушы, PhD Курбанбеков Шерзод Рустамбековичтің аттестаттау ісін 10200 – Физикалық ғылымдар бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін ұсынған құжаттарымен, ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

А.Абибуллаева: Курбанбеков Шерзод Рустамбекович университетте 2019 жылдан қызмет етіп келе жатыр, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 15 жыл. 2018 жылдан бері қауымдастырылған профессор (доцент), 2021 жылдан бері университеттің профессор міндетін атқарушысы қызметін атқаруда.

10200 – Физикалық ғылымдар бағыты бойынша ізденуші Курбанбеков Шерзод Рустамбекович қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін 31 ғылыми еңбегі жарық көрген, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 8 ғылыми мақала және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші үміткердің мамандығына сәйкес ғылыми сала бойынша кемінде 75 болатын 1 ғылыми

мақала, кемінде 50 болатын 9 ғылыми мақала, кемінде 25 болатын 7 ғылыми мақала; шетелдік ғылыми журналдарда – 2; халықаралық конференция материалдарында- 3 жарияланған. Сонымен қатар, жалғыз авторлықта (көлемі 11,6 баспа табақ) Курбанбеков Шерзод Рустамбековичтің 1 монографиясы жарық көрген.

Шығып сөйлегендер:

Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы х.ғ.к., профессор Раушан Нұрділлаева сөз алып, «Физика» кафедрасының профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент), PhD Курбанбеков Шерзод Рустамбековичтің аттестаттау ісін 10200 – Физикалық ғылымдар бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдауы білдірілгенін атап өтті:

Курбанбеков Шерзод Рустамбекович университетте 2019 жылдан бері абыройлы қызмет етіп келеді. Ол білім беру саласындағы өзінің жоғары кәсіби біліктілігімен және еңбекқорлығымен ерекшеленеді.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Курбанбеков Шерзод Рустамбекович аттестаттау ісін 10200 – Физикалық ғылымдар бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұраймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1.1. «Физика» кафедрасының профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент), PhD Курбанбеков Шерзод Рустамбековичтің аттестаттау ісін 10200 – Физикалық ғылымдар бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А. Абибуллаева